

ТҮРКІСТАН ИНДУСТРИАЛДЫ- ҚҰРЫЛЫС КОЛЛЕДЖ

- Педагогикалық әдеп
қағидалар



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП

- **Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда балаларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік.**
- **Педагогикалық әдепке балалар жүрегіне педагогикалық жол табу деген анықтама беруге болады.**

Педагогикалық әдеп



The diagram features a central point from which four colored lines (green, red, blue, and yellow) radiate outwards to four circular nodes. Each node contains text describing a specific aspect of pedagogical etiquette. The nodes are arranged in a diamond pattern around the center. The background is white with a decorative blue and green striped border on the left side.

**ескерту
жасаған
кезде**

**баланың
мінез-
құлқына
баға берген
кезде**

**мадақтау
және жазалай
білу
ікемділігінде**

**дауыс
ырғағында**

Педагогикалық әдеп қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидааттары мен нормаларына негізделген.

2. Қағидалар білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері басшылыққа алатын педагогикалық әдеп қағидааттары мен нормаларының жалпы жиынтығын білдіреді.

3. Қағидалар ережелерін педагог қызметкерлердің білуі және сақтауы олардың кәсіби қызметі мен еңбек тәртібі сапасын бағалау өлшем шарттарының бірі болып табылады.

4. Педагогикалық әдеп қағидаларының мәтіні білім беру процесінің қатысушылары үшін қолжетімді белгілі бір орында орналастырылады.

* **2. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары**

- * 5. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) адалдық:

Педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, оқушылардың, ата-аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

* **2) әділдік:**

Педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке оқушының, оның ата-анасының (заңды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

3. Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

6. Педагог қызметкер өз қызметінде:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;

2) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;

3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды;

4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;

5) еңбектәртібін бұлжытпай сақтайды;

6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;

7) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдайды, өзінің шыншыл, адал және әділ мінез-құлқымен үлгі болады;

8) қызметтік ақпараттарды пайдакүнемдік және өзге де жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермейді;

Педагогтың өзінің алдына қойған
жоғарғы талаптардың көрсеткіштері


Әділ болу,
балалардың
бәрінің бірдей
екендігін
мойындау

Өз мінез
-құлықтарына
баға беру,
өзін-өзі сынау

Өзін-өзі
үзбей
жетілдіріп
тұру



**Педагогикалық әдеп
– мұғалімнің ең етене кәсіптік белгісі**



Педагогикалық шеберлік

Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесі үшін
атқарылатын кәсіптік жауапкершіліктің
көрсеткіштері

кәсіпке, қоғамға
деген қарым-қатынас

Тәртіпті болу,
өзіне және балаларға
қаталдықпен
қарау

Эмоционалдық
байсалдылық,
әдептілік

Ұжымдағы
әріптестермен
жақсы
қарым-қатынас

Педагогикалық әдептің ерекшеліктері



ұстаздың кәсіби
мінез-
құлығындағы,
іс-әрекетіндегі
өлшем

ықпал етудегі
және өзара
әрекеттесудегі
әдістерді, түрлерді,
тәсілдерді таңдау
өлшемі



**Сөйлесу кезінде қолыңызды айқастырмаңыз,
аудиторияға бетіңізбен бұрылып тұрыңыз,
араларыңыздағы қашықтық үлкен болмауы
керек. Сөйлеу кезінде оңға, солға емес,
керісінше алдыға, артқа қозғалған дұрыс.**

**Алдыға қозғалғанда айтып
тұрған ақпаратыңыздың маңыздылығы
күшейеді,
ал артқа қозғалсаңыз тыңдаушыларға кішкене
дем алуға мүмкіндік бересіз**



Педагогикалық техника педагог іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы көрінісінің үйлесімді бірігуіне ықпал жасайды

**Педагогтың
киімі
эстетикалық
жағынан
әсерлі, әдемі,
жарасымды
болу керек**

**Педагогтың шаш
үлгісі де,
киген киімі де,
таққан
әшекейлері де
балаға ықпал ету
мақсатында
таңдалу керек**

**Педагогтың
жүзі жайдарлы,
қозғалыстары
жинақы болғаны
дұрыс.
Педагог
өзіне-өзі сенімді
болуы керек**

БІЛІМ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
2007 ЖЫЛҒЫ 27 ШІЛДЕДЕГІ
№ 319 ЗАҢЫ.**



Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңында:



- *мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері, орталық және түрлі деңгейдегі жергілікті атқарушы органдар арасының білім беру саласындағы құзыретін шектеу белгіленген.*
- *Заңда білім беру саласындағы қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін, білім процесі субъектілерінің құқылары мен міндеттері, өкілеттілігі мен жауапкершілігі белгіленген.*
- *Білім беру жүйесінің міндеттері көрсетіліп, осы сала ұйымдарының ережелері, бағдарламалары мен білім деңгейлері айқындалған.*
- *Сондай-ақ, білім беру жүйесін басқару мен оның экономикасы, білім беру саласындағы халықаралық қызмет көрсетілген.*
- *ҚР-ның білім беру саласында мұнан басқа да жекелеген нормативті актілері бар.*

ҚР «БІЛІМ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

ӘЛЕМДІК БІЛІМ БЕРУ
КЕҢІСТІГІНЕ
ЫҚПАЛДАСТЫРУ

Педагогтік қызметтің
мәртебесін көтеру

*Сапалы білім берудің
қолжетімділігіне
кепілдікті күшейту*

Білім берудің басқару
және қаржыландыру
жүйесін жетілдіру

Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы — республика азаматтарының білім алуға конституциялық құқын қамтамасыз етуге арналған заң.

Алғаш рет 1999 жылы 7-маусымда қабылданды.

ҚР «Білім туралы» Заңы 2007 жылы 27 шілдеде қайта қабылданды.

2011 жылы 24 қазанда өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.



Білім беру туралы Заң білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.



*Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы – сапалы білім
алудың негізі*

Құрылымы:

«Білім туралы» Заң 12 тараудан 68 баптан тұрады.

- 1 – тарау. Жалпы ережелер. (1-3 баптар)
- 2- тарау. Білім беру жүйесін басқару. (4-9 баптар)
- 3 – тарау. Білім беру жүйесі. (10-12 баптар)
- 4 – тарау. Білім беру мазмұны. (13-25 баптар)
- 5 – тарау. Білім беру қызметін ұйымдастыру. (26-39 баптар)
- 6 – тарау. Білім беру қызметінің субъектілері. (40 - 49 баптар)

ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ

- **МАЗМҰНЫ**

- Осы Заң педагог мәртебесін айқындайды, педагогтің құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктерін және шектеулерін, міндеттері мен жауапкершілігін белгілейді.

Қазақстан Республикасының Заңы
2019 жылғы

27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

ОСЫ ЗАҢДА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам;
- 2) педагогтік әдеп – педагогтердің Қазақстан Республикасының педагог мәртебесі туралы заңнамасында белгіленген мінез-құлық нормалары;
- 3) педагогтік әдеп жөніндегі кеңес – білім беру ұйымында құрылатын, педагогтердің педагогтік әдепті сақтау мәселелерін қарайтын алқалы орган;
- 4) тәлімгерлік – педагогтің орта білім беру ұйымында педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кіріскен адамға кәсіптік бейімделуіне практикалық көмек көрсету жөніндегі қызметі.

«Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына сәйкес оқу процесі ұйымдастыру.

**«Техникалық және кәсіптік білім
беру мамандықтары бойынша
үлгілік оқу жоспарлары мен
үлгілік оқу жоспарларын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 31 қазандағы № 553
бұйрығы**

**Білім берудің барлық деңгейінің
мемлекеттік жалпыға міндетті білім
беру стандарттарын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрінің 2018 жылғы 31
қазандағы № 604 бұйрығы.**

Жалпы пәндер бойынша жаңартылған оқу бағдарлама Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің № 604 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрықтарына сәйкес әзірленген.